

## **Бірыңғай бюджеттік жіктемеге N 36 өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2001 жылғы 8 қантардағы N 6 бүйріғы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 7 ақпанда тіркелді. N 1384

1. "Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 715 V991058\_ бүйріғына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бүйріқпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік жіктемесіне:

бюджет шығыстарының функционалдық жіктемесінде:

"128 Аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындау

129 Облыстың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындау" бағдарламалары мынадай редакцияда жазылсын: № "96 Аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындау

97 Облыстың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындау";

"16.1.105.57 Аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы

органдарының борышын өтеу" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"16.1.105.39 Аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының борышын өтеу";

2. Заң қызметі (К. Әбдіқалықов) және Бюджет (Е. Бахмутова) департаменттері осы бүйріқтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйріқ қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Мамандар:

Омарбекова А.Т.  
Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК